



«БЕКІТЕМІН»

«Жұлдыз» балалар
қоғамдық ұйымдарының
Одағы» ҚБ
президенті

Е. Дмитриенко

2016 ж.

**Мектеп, кәсіптік білім беру мекемелері, қосымша білім беру мекемелері
оқушылары арасында
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған
«Сенің үлгің» байқауының өткізілу
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Байқаудың ұраны: «Болашақ - кәсіпқойлар үшін!»

Байқаудың ұйымдастырушысы: Ақмола облысы білім басқармасының ұйымдастырушылық-идеологиялық қолдауымен ҚР "Жұлдыз" балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы" қоғамдық бірлестігі.

Байқауды өткізу мерзімі және орны: 25 - 26 қазан 2016 жыл, Көкшетау қаласы, "№1 сервистік-техникалық колледжі" КММ.

Байқаудың қатысушылары: жалпы білім мектептерінің, кәсіптік оқу орындарының, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары, меншік нысандарына тәуелсіз балалар және жастар қоғамдық құрамаларының, шығармашылық бірлестіктердің: дизайнерлердің, технолог – сәнгерлердің, киім пішушілердің, тігіншілердің, стильшілердің, визажистердің, шаштаразшылардың өкілдері.

Шақырылғандар: БҒМ Т және КБ департаментінің, "КӘСІПКЕР" Холдинг ҰАҚ, Ақмола облысы әкімдігінің, "Нұр Отан" партиясының, Ақмола облысы білім, ішкі саясат, жастар саясаты, экология, мәдениет басқармаларының, "Жас Отан" ЖК, кәсіпқой одақтар Федерациясының, Ақмола облысының Т және КБ ұйымдары директорлары кеңесінің өкілдері, өндірістік оқыту шеберлері, оқытушылар, ата-аналар, жастар ҮЕҰ көшбасшылары, әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер, БАҚ.

Байқаудың мақсаты:

- оқушылардың кәсіптік дайындылық деңгейін жоғарлатуда, таңдаған мамандық бойынша қызмет көрсету аясында олар жаңа технологиялардың негізін меңгеруде оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқушылардың қызығушылықтарын және шығармашылық белсенділігін жандандыру.

Байқаудың міндеттері:

- жастар ортасында қызмет көрсету аясындағы мамандықтарды, тігін өндірісін, дизайнерлік көркемөнерді дәріптеу;

- жастардың қызмет көрсету аясында, перспективалық инновацияларда жұмыс істеуге кәсіби дайындылық жетістіктерін анықтау;

- қалың қоғам көпшілігінің, кәсіпкерлердің, БАҚ, мемлекеттік органдардың назарын жастардың кәсіптік білім алу мәселелеріне, болашақ мамандарды кәсіби дайындау саласында мүдделі ынтымақтастыққа және әлеуметтік серіктестікке аудару, Қазақстан Республикасының жас азаматтарының шығармашылығын және әлеуметтік бастамаларын қолдауға қатысу.

- Жастарды, жас кәсіпқойларды жұмыс мамандықтарының халықаралық байқауларына қатысуларына дайындық.

Байқаудың уақыт тәртібі:

25 қазан – байқау қатысушыларының келуі (12:00-ге дейін), көрмені рәсімдеу, салтанатты ашылым, презентация, шебер сыныптар, тәжірибе алмасу, **«Шығармашылық академиясы: біздің стиліміз – үйлесім мен мүлтіксіздік»**, шебер – сыныптар.

26 қазан – **«Жас Арт: ХХІ ғасырдың жастар субмәдениеті»** атты дөңгелек үстел, байқаулық бағдарламасы, байқаудың салтанатты жабылуы, қатысушылардың кетуі.

Жалпыға міндетті байқау бағдарламасы:

- білім беру мекемесінен **«Үлкен ел – үлкен отбасы» (Болашақ -кәсіпқойлар үшін!)** көрмесін рәсімдеу
- байқау қатысушылармен таныстыру (дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың өзіндік нысандарын қолданумен еркін қойылым көрсету 8 мин. дейін)

Бейінді байқаулық бағдарлама мынадай номинациялар бойынша өткізіледі:
дизайнер, шаштараз, әмбебап тігінші, визажист, стилист.

Байқаулық тапсырмалар

Дизайнерлер үшін:

- (CorelDraw, Photoshop) компьютерлік нұсқада маңдайша жазуды дайындау (1,5 сағат);
- **«Біз – Әлем балаларымыз»** тақырыбы бойынша қатысушылардың кәсіптік шеберлігінің авторлық жобасын ұсыну, «қағаз-пластика» техникасында (сахнада дайын жұмыстарды ұсынып көрсету, уақыт тәртібі 5 мин. дейін);
- **Боди - арт** қатысушының кәсіптік шеберлігін көрсету (қатысушылардың көрмеде авторлық кәсіби жетістіктерінің презентациясына баға қойылмайды).

Шаштаразшылар үшін:

1. Hair tattoo номинациясы – ұлттық өрнектер (ерлер үлгісі)

- Жұмыс уақыты 1 сағ.50 мин
- ТҮСІНІКТЕМЕ:
- Қатысушылар басқа HAIR TATTOO шаш үлгісіндегі сурет имитациясын дайын күйде жасауы тиіс шаш қию үлгісін орындайды. Шашты бояу (мелирлеу, бейнелеу, аралық бояу) алдын ала орындалады.
- Түсі: неондықтан басқа түстерге ерік беріледі. Бір немесе бірнеше түрлерін пайдалануға болады.
- Шаш қию:
- TATTOO шаш үлгісі бастың үстіңгі жағында кем дегенде 30-40 %. Ойластырылған суретті алдын ала қарындашпен белгілеуге рұқсат беріледі, ұстараға да рұқсат беріледі.
- Дайын нәтиже:
- Тек шаш кептіргішпен төсеп келтіру. Қылшақтар, тарақтар, қысқыштар қолдануға болады.

2. Ұзын шаштармен жасалатын үйлену тойларының жоғары үлгідегі шаш түрі:

- Жұмыс уақыты 2 сағат.
- ТҮСІНІКТЕМЕ:

- Шаш үлгісі кешкі шаш үлгісі болмауы тиіс. Қатысушылар жаңа қосылғандардың дәстүрлі шаш үлгісін жалпы аяқталған үлгі түрінде шашқа жасайды.
- Қатысушыларға жарнамалық түрі бар үйлену тойларына арналған сәнді шаш үлгілерін таңдауға ерік берілген.
- түс:
- Міндетті түрде барлық түстер блонд.
- Түсті спрейлерге тыйым салынған.
- Дайын нәтиже:
- Барлық құралдарға жол беріледі.
- Әшекейлер жасалған шашқа сәйкес пропорционал болуы тиіс және кем дегенде 20% орынды алуы керек. Шаштан өруге тыйым салынған.
- Костюм, макияж және аксессуарлар нормалар мен әдептерге сәйкес болуы тиіс және шамданған болмауы тиіс. Макияжды алдын ала жасайды.

эмбебап тігіншілер үшін (сәнгер, пішүші, тігінші, технолог, стильші):

- қатысушының кәсіптік шеберлігін көрсету. Бұйымның бөлек түйінің өңдеу. Жұмысты орындау уақыты – 2 сағ. Қатысушының өз құрал – саймандары, аспаптары және арнайы киімдері болуы тиіс;
- авторлық жобалар презентациясы: костюмдер топтамасының презентациясы. - Топтаманы көрсету уақыты -7-10 минут.
 - конкурсанттардың көрмедегі кәсіби жетістіктерінің авторлық презентациясы.

Визажисттер үшін:

- қатысушының кәсіптік шеберлігін көрсету: қарапайым макияждың негізгі қадамдарын орындау. Жұмысты орындау уақыты – 1 сағат. Қатысушының өз косметикалық және парфюмериялық құралдары болуы тиіс;
- авторлық жобаны көрсету: сахнада боди – артты көрсету. Бір жұмысты көрсетуге 1-2 минут уақыт беріледі;
- көрмеде қатысушы жетістіктерінің авторлық көрсетілімі.

Стильшілер үшін:

Байқау ресми міндетті бағдарламадан тыс қатысушылардың қалауы бойынша ерікті түрде өткізіледі. Қатысушылар «Жас Арт: XXI ғасыр жастарының жоғары сәні» бейнесінде жас адамның кейіпін, имиджін, стилін жасап көрсету қажет.

Барлық қатысушылар байқау бағдарламасын орындау кезінде өз материалдарымен жұмыс істеуге тиісті.

«Сенің үлгің – 2016» байқауының БАҒДАРЛАМАСЫ

25 қазан

12.00-ге дейін – қатысушылардың келуі, тіркелуі, «Болашақ -кәсіпқойлар үшін!» көрмесін рәсімдеу.

13.00 – 14.00 – Түскі ас.

14.30 - 18.00 – байқаудың салтанатты ашылуы, "**Қазақстанның жоғары сән үлгісі: жастар субмәдениеті**" атты дөңгелек үстел, қатысушылардың презентациясы.

18.00 - 19.00 – Кешкі ас.

19.00 - 20.00 – «**Шығармашылық академиясы: менің стилім**» шебер - класстар.

20.00 – 21.00 – бос уақыт.

21-23.00 – «**Біз –KZ КӘСПҚОЙМЫЗ!**» дискотекасы

26 қазан

8.00 - 9.00 – таңғы ас.

9.30 – 11. 30– тәжірибелік тапсырманы орындау

11.30 – 13.00 – "Болашақ -кәсіпқойлар үшін!" көрме - презентация

13.00 -14.00 – түскі ас

14.30 - 18.00 – «Сенің үлгің» байқау бағдарламасы, салтанатты жабылуы.

19.00 – 20.00 – кешкі ас.

20.00 – қатысушылардың кетуі.

Байқауға қатысу шарттары № 1- қосымшада берілген.

**Байқау туралы қосымша ақпаратты
ұйымдастыру комитетінде келесі тел. бойынша білуге болады:**

- Астана қ.: (8 717 2) 21 74 22, 8 701 533 70 28, 8 701 533 70 28 (Елена Александровна Дмитриенко.

- Көкшетау қ.: (8 716 2) 25 83 49, 72 12 26 (Александр Сергеевич Пятков)

«Жұлдыз» қоғамдық балалар ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігі және оның жобалары туралы ақпаратты www.zhuldyz.kz сайтынан алуға болады:

Ұйымдастырушы комитет

№ 1-қосымша

«Сенің үлгің» байқауына қатысу шарттары

«Сенің үлгің» байқауына қатысу өтінімін Ұйымдастыру комитетіне 2016 жылдың 23 қазанына дейін 8 (716-2) 50-25-91 телефон\ факсы және sdoozhuldyz@mail.ru электрондық поштасы бойынша қатысушылардың ТАӘ, мамандығы, курсы, қатысушының және топ жетекшісінің туған күні, байқауға қатысушылардың келу күні мен уақытын көрсетіп жолдау қажет.

Байқаудың қаржымен қамтамасыз етілуі

"Сенің үлгің" байқауы қандай да бір мақсатты қаржыландырусыз өзіндік сатып алу шартымен ерікті ұйымдастырушылық салымдар есебінен өткізіледі.

Команданың байқауға қатысуы үшін ұйымдастыру жарнасы – 37 000 тенге. Тамақтану және тұру құны– бір адамға, оның ішінде басшысы үшін де тәулігіне 2400 теңге.

Төлем келесі деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүргізіле алады:

«Жұлдыз» қоғамдық балалар ұйымдарының одағы» ҚБ

020000, Көкшетау қ., Абай к-сі, 112а, 207-каб.

СТН 032600222656

ЖСК KZ276010321000017832

«Қазақстан Халық банкі» АҚ Ақмола ОБ

БСК HSBKKZKX

ЖСН 040840005670

Код 18

Кнп 859

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде Ұйымдастыру комитетіне төлем құжаттардың көшірмесін ұсыну қажет.

Байқауға қатысуға келген кезде қолма – қол ақшамен төлем жасауға болады.

Анықтама үшін Ұйымдастыру комитетіне келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

- Астана қ.: (8 717 2) 21 74 22, 8 701 533 70 28,

- Көкшетау қ.: (8 716 2) 50 25 91, 72 12 26.

«Жұлдыз» қоғамдық балалар ұйымдарының Одағы» қоғамдық бірлестігі және оның жобалары туралы ақпаратты www.zhuldyz.kz сайтынан алуға болады.

Ұйымдастыру комитеті